

Т.Есетов атындағы № 264 мектеп-лицейінің қамқоршылық кеңес мүшелері
отырысының

Х А Т Т А М А С Ы № 4

Күні: 2023 жыл 26 мамыр

Қатысқандар: қамқоршылық кеңес мүшелері мен мектеп-лицей әкімшілігі

Күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. № 264 мектеп-лицей директоры Б.С.Тумурзаевтың 2022-2023 оқу жылында атқарылған жұмыстарының есебі.

2. Материалдық – техникалық базаның нығайуына септесу, оның қызметіне бақылау

3. Қайырымдылық көмектің жұмсалуды

2. Ағымдағы мәселелер

Тыңдылды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп-лицей директоры Б.С.Тумурзаев 2022-2023 оқу жылы бойынша қамқоршылық кеңес мүшелеріне есеп берді. Аталған оқу жылындағы оқу жетістіктерінен бастап, мектеп-лицей базасына алынған заттармен толық таныстырды. Осы оқу жылы бойынша қажетті заттарға қанша қаражат бөлінгендігі туралы айтып, есеп берді. 2022-2023 оқу жылы бойынша білім сапасы мен үлгірімінің, және олимпиадалар мен ғылыми жобалардың есебін айтты. Слайд арқылы

Әр түрлі байқаулар көрсеткіші, мұғалімдердің марапаттары айтылды.

Сонымен қатар әлеуметтік сала бойынша көрсетілген көмектер: «Мектепке жол акциясы» бағдарламасы бойынша, қоғамдық қорымен берілген көмек, жеке демеуші есебінен қаржылай көмек, оқу формасымен көрсетілген көмектерді слайдпен көрсете отырып, есеп берді.

Сонымен қатар тәрбие саласы бойынша атқарылған іс-шаралар туралы, алдағы уақытта атқарылатын іс-шаралар жөнінде айтып өтті. 2022-2023 оқу жылында мектепшілік есепте тұратын оқушылар жайлы, олармен атқарылған жұмыстарды көрсетіп, құқықбұзулықтың алдын алу бағыты бойынша жасалған түрлі шараламен де таныстырып өтті.

Мектеп оқушыларын жазатайым оқиғалар мен өмір қауіпсіздігіне байланысты 6 оқушы мектепшілік есепке алынды.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г. Ибрашева оқушылармен түрлі клубтар мен үйірмелерге қамтығанын да атап өтті.

2020-2022 жылдарға арналған Өңірлік жол картасына сәйкес психолог, дефектолог, логопед кабинеттері жабдықталды(3 миллион) 2022 жылы Қызылорда қалалық білім бөлімінің қаржысы есебінен емдік және дене шынықтыру және сенсорлық кабинет арнайы құрал- жабдықтармен жабдықталды(8 миллион)

Қазіргі таңда мектеп-лицейіміздегі ерекше білімді қажет ететін оқушыларға жайлы орта қалыптастыру үшін бар жағдай жасалған.

Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Аралбаев: Мектеп-лицейдің атқарылып жатқан жұмыстарына үнемі көңіліміз толады, мектеп-лицей директоры Б.С.Тумурзаевтың ерен еңбегін, 2022-2023 оқу жылы бойынша берген есебін өте жақсы деп айтамыз, және алдағы уақытта атқарылатын жұмыстарға сәттілік тіледі.

5-6 сынып ата-аналар комитеті, сиқырлы әлем балабақша меңгерушісі А.Турешова сөз алып: мектеп-лицей директорының 2022-2023 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстарының есебіне ризашылығын білдіріп, алдағы атқарылатын жұмыстарға сәттілік тіледі.

Қаулы:

- 1.№ 264 мектеп-лицей директоры Б.С.Тумурзаевтың қамқоршылық кеңес мүшелеріне берген есебі өте жақсы деп танылсын.
- 2.Материалдық –техникалық базаның нығаюына жұмсалған қаражат есебі тоқсан сайын берілсін.
- 3.Ағымдағы айтылған мәселелер өз уақытында орындалсын.

Мектеп-лицей директоры

Қамқоршылық кеңес мүшесі

Хатшы:



Б.С. Тумурзаев

М.Ж. Аралбаев

М.А.Абдуллаева